

## ҚАЗАҚСТАНДА ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ МЕН СПОРТТЫҢ ТАРИХИ ДАМУ ДИНАМИКАСЫ ЖӘНЕ ОНЫ ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫНА ӘСЕР ЕТУ

**Шынжырбекова Г.Е.**

*В этой статье рассматриваются история развития физической культуры и спорта Казахстана и высокие достижения спортсменов.*

*In this article the problems of physical training and sports in Kazakhstan and high achievements of sportsmen of the different kinds of sport competitions.*

Тәрбиенің кез-келген түрі жалпы қоғамдық мәдениеттің құрамына кіреді. Дене шынықтыру дене тәрбиесінің арнайы құралдарын жасау мен пайдалану ісінде қоғамдық жетістіктер жиынтығын көрсет отырып, жалпы мәдениеттің бір бөлігі болып табылады.

Сондықтанда қазіргі таңда мемлекеттік бағдарламаның негізгі мақсаттары: елімізде дене шынықтыруды жәнеспортты одан әрі дамыту; халықтың дене шынықтырумен және спортпен шұғылдануы үшін жағдайлар жасау, олимпиадалық, ұлттық, техникалық, қолданбалы спорт түрлерін және халық ойындарын дамыту; саланы басқарудың оңтайлы жолдарын және қазіргі тәсілдемесін белгілеу; дене шынықтыру және спорт саласындағы заңдарды жетілдіру; бұқаралық спорт пен жоғары жетістіктер спорты саласында спорт резерві мен халықаралық дәрежедегі спортшыларды дайындаудың ғылыми-әдістемелік, медициналық-биологиялық және психологиялық қамтамасыз етілуі жөнінде зерттеулер жүргізу; спорт резервін және халықаралық дәрежедегі спортшыларды даярлау болып келеді.

Бұл жұмыс барлық аспектілерде, дене тәрбиесі туралы ғылымның барлық салаларында жүргізу тиіс. Үкіметтің қойып отырған міндетті – дене шынықтыру мен спорт қоғамдық әсер етудің анағұрлым белсенді тәсілдері ретінде адамның рухани келбетін қалыптастыру арқылы тұлғаның жан-жақты жарасымды дамуына ықпал ету болып отыр. Сондықтан да, дене шынықтыру тарихи мен оның жекелеген мәселелерін зерттеу үлкен ғылыми мәндігі іс болып табылады. Қазақ халқының дене шынықтыру және спортының дамуын басқа да ұлттардың дамуының тарихи жолдарынан байланыстырып айтуға болады.

Орта Азия мен Қазақстан ертедегі мәдениет ошақтары атанған елдерге жатады. Дене шынықтырудың да көне тарихы осы жерден басталады. Оның адами қоғамның дамуына үлкен мән-маңызы бар.

Ретінде қалаптасу өскелең ұрпақты тәрбиелеудегі қоғамдылық қажеттіліктің алғы шарты болғандығын көрсетті. Сақтар массагеттер, самраттар, үйсіндер, мен басқа тайпалар атбегілік, садақ ату, найза лақтыру, сайысу, күресу, жұдырықтасу және т.б. дене жаттығулар түрлерін пайдаланды. Осы кезеңде Орта Азия мен Қазақстан халықтарының қазіргі ұлттық спорты мен ойындарыны алғы шарттары пайда бола бастады (аламан бәйге, қыз қуу,

тоғыз құмалақ). Қазақ халқының тарихи көне жылдарының, эпостарының қай-қайысын алып қарасақ олардың өн бойынан халықтың ұлттық ойындарының, әдеп-ғұрып салттарының алуан түлерін кездестіреміз. Осы жылдары негізгі кейіпкері – болашақ ел қорғаушы батыр, жауынгер, халық қайраткерлері, ойын үстінде көрінеді.

Орта Азия мен Қазақстан тайпалаты классикалық грек дене шынықтыруы дәстүрлерімен таныс болатын. Бірақ ертедегі гректердің дене шынықтыру әсері біржақты болып қойған жоқ. Бұл жерде екі мәдениет өзара терең әсер ету арқылы бір-бірін байыта түсті, ал оның құрамды бөліктерінің бірі дене шынықтыру болды.

VI ғасырдан бастап, Қазақстан аумағында феодалдық қатынастар орныға бастады. Қоғамдық қатынастағы өзгерістер дене және әскери дайындықтың халықтық түрлерінің дамуының басты шарты болып келеді. Мемлекеттік бірлестіктің ерте феодалдық типі – түрік қағанаты пайда болды. өткен дәуірдің қабылдап алушылар мен жалғастырушылары жаңа мемлекет құрамына енген тайпалар мен ұлыстар болды.

Көне дәуірмен байланысты мерекелер, салт-дәстүрлер Түрік қағанаты кезіңінде де өмір сүре бастады. Олардың көпшілігі дене шынықтыру элементтерімен тығыз байланыса отырып, халықтың күнделікті өмірінде үлкен орынға ие болды.

VII ғасырда Орта Азияны арабтар жаулап алып, жаңа дін-исламды алып келді. Ислам дінінің кеңінен қанат жаюының жергілікті халықтар арасында дене шынықтырудың дамуына кері әсер етті. Монғол шапқыншылығы да үлкен кедергі жасады.

XV ғасырда алғашқы қазақ хандықтары пайда болып, қазақ халқының қалыптасуына әсер еткен үрдістер тұрақтала бастады. Қазақ елі көшпелі түрде өмір сүрді. Дене тәрбиесінің негіздерін тәрбиенің жалпы жүйесінің бөлігі ретінде түрлі дене жаттығулар, ойындар мен көңіл көтерулер арқылы қазақтардың мал шаруашылығы ерекшеліктерінің мазмұнын көрсетті. Кейбір дене шынықтырудың прогресшіл бағыттары өскелең ұрпаққа әскери дайындықтың қажеттігін айқындады.

Дене шынықтыру дамуының кей түрлеріне қазақтардың әдеттегі құқылары әсер етті. Түрлі сипаттағы ойындар, жарыстар қазақ халқының дәстүр салттарында өз көрініс тапқан ауызша ережелер мен этикалық қондырмалардың тұтас жинақтары арқылы реттелді. XVIII ғасырдың 30-жылдарында басталып, XIX ғасырдың екінші жартысында аяқталған кезде Қазақстанның Ресейге қосылуының қазақ өмірінде аса зор маңызы болды.

Қазақстан Ресейге қосылуы қазақтар мәдениетінің едәуір жоғары деңгейге артуына ықпал етуі, әсіресе, дене шынықтырудың дамуы саласында байқалды. Ресей Қара және Каспий теңізі мен Орталық Азия, башқұрттар мен татарлар үшін өркениеттілік рөл атқарды. Осы кезең қазақ халқының дене шынықтыру мен спорт саласында да аса зор маңыз атқарды.

Капиталистік қатынастардың Қазақстандағы тереңдеп орнығуы өндіріс күштердің даму мен феодалдық қатынастардың бұзылуына ықпал етті. Жаңа қоғамдық қатынастар дене шынықтырудың дамуына өсімтал түрде әсер етті. Идеялық мазмұны бойынша дене шынықтыру бірыңғай болып табылған емес.

Ол қазақ халықтарының бүкіл мәдениеті мен өмірі іспетті еңбекші халық пен қанаушы топтар арасындағы қайшылықты көрсетті. [1]

Төнкеріске дейінгі Қазақстан халықтарының өмірінде дене шынықтыру мен спорттың рөлі үлкен еді. Олар қазақ халқына театр мен стадиондар түрінде қызмет етті. Спорт пен ойындар, халық әндері мен саздары барлық қоғамдық және мерекелердің негізін құрады. Төнкерістен соң дене шынықтыру және спорттың дамуына кең көкжиек ашылып, жаңа құрылым тұсында ғана мемлекеттік маңызға ие болды.

Алғашқы күндерден-ақ Қазақстандағы мәдени құрлыстың нақты түрлері мен мазмұны айқындалды. Ол өз дамуының алғашқы кезеңдерінде едәуір қиындықтарға тап болды, мұның себебі Қазақстанның экономикалық және мәдени өміріндегі артта қалушылықпен байланысты еді.

1918 жылдың сәуір айында Ресей федерациясы құрамында Түрікстан республикасы құрылып, Орта Азия мен Қазақстандағы көп ұлтты мемлекет болып табылды.

1920 жылдың тамызында «Автономиялық Қырғыз (Қазақ) Советтік Социалистік республикасын құру туралы» декрет жарияланды.

Қазақ АССР-і қызметінде дене шынықтыру мен спорт жаңа құрылыс талаптарына сай еңбекшілерді тәрбиелеудің маңызды құралы ретінде мәдени төнкеріс міндеттерін шешудің бір бөлігі болды. Партия мен үкімет ұлттық республикаларымыздағы еңбекшілердің дене тәрбиесін дұрыс жолға қоюды, соның ішінде Қазақстанда да дене шынықтыру мен спорттық жалпы мәдени құрлыс барысында қысымға ұшырамауын жете қадағалады.

1928 жылдың жазында Бүкілқазақстандық 1 спартакиадасы өткізілді.

1935 жылы республика өзінің 15 жылдығын тойлайды. Осы кезең аралығында Республика өсіп, жетілген шақ. Қазақстанның экономикасы мен мәдениеті жеделдетілген қарқынмен дамыды. Осы салалардағы кейбір жетістіктерге қарағанда, дене шынықтыру мен спорт дамуы, дене тәрбиесі бойынша жүргізілген жұмыстар ауқымы кеңестік қоғам дамуының осы кезеңіне жеткілікті емес еді. әсіресе, дене тәрбиесі жұмысына әйелдерді тарту едәуір қиындық туғызатын. Жергілікті халықтарды өкілдері арасында дене шынықтыру мен спортты дамытуға айрықша көңіл болінді.

Фашистік Германияның шабуылы кеңес адамдардың бейбіт өміріне орасан кедергі келтірді. Қазақстанның дене шынықтыру ұйымдары әскери уақыт талабына сай өз жұмыстарын қайта құрды. Олардың жұмысының негізі мазмұны көпшілікті әскери-дене дайындығын әзірлеуден тұрды.

Соғыстан кейінгі жылдарында Республикада дене шынықтыру қозғаласын нығайтуға ерекше назар аударылды. Соған сәйкес Қазақ ССР-нің Министрлер Кеңесі арнайлы қаулы қабылдап, еңбекшілер арасында дене шынықтыру мен спортты әрі қарай дамыту мәселелері қарастыралды.[2]

1950 жылдан бастап Қазақстан спортшылары халықаралық жолдастық кездесулер мен халықаралық масштабтағы ресми жарыстарға қатынасып келеді. Осы жылы Алматы маңындағы таулы мұз айдыны Медеудің іске қосылуымен де есте қалған. Мұз айдыны әлемдік рекордтар мен белгілі кеңес спортшыларының дайындық алаңы болды. Ол Республикамыздағы конькимен жүгіру спортының дамуына орасан зор әсерін тигізді.

Республикамыздағы дене шынықтыру және спортты дамытуда кемшіліктер мен жетіспеушіліктерде болды. Бұл СССР халықтарының 1 спортакиадасындағы, Қазақстан спортшылары жалпы командалық 13 орын алғанда расталады. 1956 жылы қазанда республика Министрлер Кеңесі бірігіп қаулы қабылдады, онда мәдениетті дамытудың жалпы деңгейінен дене шынықтыру мен спорттың жоғарғы деңгейде болмауы, облыстық, қалалық және аудандық партия ұйымдары, сонымен бірге атқару комитеті спорт жұмыстары және жалпы одақ спорт жұмыстары, жалпы дене шынықтыру дамыту, кәсіподақ спорт жұмыстары қызметін нашар бақылайтынын, дене шынықтыру және спорт сабағына қажетті жағдай жасалмайтығын жазылған.

Республика өкіметінің нұсқауына сәйкес дене шынықтыру қозғалысын ұйымдастыру жұмысын жақсарту, дене шынықтыру және спортты дамытуда үлкен жұмыстар атқарылды. Дене шынықтыру жұмыстарының жақсарғанын СССР халқының IV спартакиадасында жалпы алтыншы орын алғаннан байқауға болады.

Совет одағы кезеңін де дене шынықтыру және спорт-тәрбиенің өзекті мәселелерінің маңызды тәсілдерінің бірі болып табылады. Сондықтанда да Республика олардың ары қарай дамуына мемлекеттік қамқорлық жасайды. Өкіметтің дене тәрбиесіне қамқорлығы жыл сайын өз жетістіктерін әкелуде. Мұның барлығы дене шынықтыру мен спорт халықтың игілігі болу мақсатында құрылды.

1976 жылы Олимпиадалық ойындарда (Монреаль, Канада) КСРО құрама командасына 14 қазақстандық спортшы 11 спорт түрінен қатысты. Бұл олимпиада ойынында жерлестеріміз 8 алтын және 2 күміс медальға ие болды. Ал осы жылы өткен Қысқы олимпиада ойындарында шаңғы жарысынан 2 қола медальді иемденді. Мәскеуде өткен XXII олимпиада ойындарында (1980) 20 қазақстандық спортшы 6 алтын, 2 күміс және 7 қола медальды алды. Осы олимпиада ойындарында Ж.Үшкепіров, Ш.Серіков, т.б. олимпиада чемпиондары атанда.

1988 жылы Сеулде (Корея Республикасы) өткен XXIV Олимпиада ойындарында КСРО құрама командасында 30 қазақстандық спортшы қатысты. Олар әр түрлі дәрежедегі 18 медальді еиленді. Барселонада (Испания) өткен XXV Олимпиада ойындарында (1992) Қазақстан Республикасы ТМД құрама командасында болды. Мұнда 11 спорт түрінен 23 спортшы қатысып, 5 медаль (Е.Чебукина, И.Герлиц, Д.Тұрлыханов, Т.Меньшова, В.Вохмянин) алды.

Еліміздің егемендік алғалы дене тәрбиесі мен спорттың даму динамикасы жетіле бастады және дене тәрбиесі мен спортпен шұғылдануға аса көңіл бөлді. 1992 жылы өзінде-ақ дене тәрбиесімен спортқозғалысың құрылымын қайта құрып, жетілдіру мақсатында көпшілік спорттық іс-шаралар жүргізіле бастады. Дене шынықтыру қозғалысы жалпы халықтық қозғалысқа айналу үшін, дене тәрбиесінің ұлттық жүйесінің жалпы принциптерін тарату ерекшеліктерін талдау қажеттілігі болды. Бұл аймақта зерттеу жұмыстарын өткізу қажеттілігі өкіметтің көптеген шешімдерінде айтылды, оны 1999 жылы ҚР-нің Дене тәрбиесі және спорт заңы, 2001-2005 жылғы ҚР-нің Дене тәрбиесі және спорттың жетілуі мемлекеттік бағдарламасындағы қойылған мақсаттардан көруге болады. [2]

Қазақстандықтар 1994 жылдан бастап Азия ойындарына қатысып келеді. Хиросима (Жапония) қаласында өткен XII ойындарында қазақстандықтар жалпыкомандалық төртінші орынды иеленді. Олар 77 медальға (оның 25-і алтын) ие болды. Атап айтқанда Қ.Шағатаев, Н.Сманов (бокс), М.Мамыров (еркін күрес), Ю.Мельниченко, Д.Тұрлыханов (грек-рим күресі), О.Шишигина (жеңіл атлетика) сынды спортшылар алтын медаль иегерлері атанды. 1994 жылы Лиллехаммерде (Норвегия) өткен қысқы олимпиада ойындарында көкшетаулық В.Смирнов олимпиада чемпионы атанды.

1996 жылы Атланта (АҚШ) қаласында өткен XXVI Олимпиада ойындарында Қазақстан Республикасының командалары өз туының астында тұңғыш рет жеке команда болып шықты. Қазақстандық спортшылар 3 алтын, 4 күміс және 4 қола медальға ие болды. Олимпиадаға қатысқан 197 елдің ішінде Қазақстан 24-орынды иемденді. Ю.Мельниченко (грек-рим күресі), А.Парыгин (бессайыс), В.Жиров (бокс) тәуелсіз мемлекетіміздің тұңғыш чемпиондары болды.

1998 жылы Таиландта (Бангкок қаласы) өткен XIII Азия ойындарында қазақстандықтар бесінше орын алды. Олардың үлесінде барлығы 78 медаль (оның 24-і алтын) болды. Чемпион атанғандардың ішінде В.Гуша, Д.Аспандиярова (нысана кездесу), Д.Топоров, Қ.Нқрмағамбетов (ескек), Б.Байсейітов, С.Матвиенко (грек-рим күрес), Н.Торшина, О.Шишигина, И.Потапович, С.Арзамасов (жеңіл атлетика), В.Бурба, Е. Ибрайымов, М.Ділдәбеков (бокс) сынды спортшылар бар.

1999 жылы Кангвонде өткен IV-і Азиятық ойында 10-алтын, 8 күміс медаліне және 7 қола медаліне және командалық біріншілікте 3 орынға ие болды. Бангкоке өткен XIII-ші жазғы Азиятық ойында 24 алтын, 24 күміс және 30 қола медалін жеңіп алды. [4]

Қазақстан азаматтарының денсаулығын қалыптастыру мен салауатты өмір салтын мен стилі қажеттілігін тәрбиелеу барысында көптеген позитивтік жетістіктерге жетті. Елімізде 102089 астам айналысатын 9900 жуық Дене тәрбиесі және спорт ұйымдары, 100 астам жасөспірімдер, 210 дене сауықтандыру және 38 астам кәсіпқой клубтары жұмыс жасайды.

2000 жылы Сиднейде (Австралия) өткен XXVII Олимпиада ойындарында қазақстандықтар 3 алтын, 4 күміс медальді иемденді. Олимпиадаға қатысқан 199 елдің ішінде Қазақстан спортшылары 22 орында тұрақты. Бұл олимпиада ойындарынд Е.Ибрайымов, Б.Саттарханов, О.Шишигина чемпион атанды.

2000 жылы елімізде 700-ден астам бұқаралық спорттық іс-шаралар жүргізілді. Атақты спортшыларымыз 196 халықаралық жарыстарға, 61 бөлімді Бейбітшілік кубок ойынына, 37 Бейбітшілік чемпионатына, қысқы және жазғы Унисерсиадаға, 26 Азиялық чемпионатына қатысты.

2001 жылы Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған 1-ші жазғы спартакиада өтті. Бұл бәсекеге еліміздің миллионнан аса тұрғыны қатысты. Бәсеке қорытындысында Оңтүстік Қазақстан облысының өкілдері (4430 ұпай) бас жүлдені еншіледі. Алматы қаласының спортшылары екінші (4272 ұпай), қарағандылықтар үшінші (3658,33 ұпай) орынға шықты. Осы жылы жасөспірімдер спорт мектептерінің саны 400-ге жетті, оның ішінде 55 арнаулы спорт түрлерінен 6000 спортшылар жаттығады. 2001 жылғы ҚР-ның мемлекеттінің қаулысы студенттік Универсиаданы, орта оқу бөлім

бөлімдер мен мектептер арасындағы спартакиаданы жандандырды. Бұл оқушылар мен студент жастардың спортына жетілуінің жаңа импульсын берді.

2002 жылы Корея Республикасының Пусан қаласында өткен XIII Азия ойындарында жерлестеріміз 76 медаль алды. Командалық есепте бесінші орында болды. 20 спортшы алтыннан алқа тақты. Олардың арасында А.Тетерюк (велоспорт), Ә.Иманбаев, Г.Цурцумия (грек-рим күресі), Б.Ахметов, С.Филимонов (ауыр атлетика), Н.Торшина, Г.Егоров, В.Борисов (жеңіл атлетика), Н.Кәрімжанов, Г.Головкин (бокс), О.Довгун, С.Беляев (нысана кездесу), т.б. спортшылар бар.

2004-2008 Олимпиадалық циклдың бірінші жылынан бір ғана 2005-ші жылды алайық, абырой болғанда ол қазақстандық спортшылардың жеңістеріне толы болды. Сонымен бірге оны тарихи деп те айтуға болады. Дәл осы жылы бүкіл қазақстан спорты үшін де маңызды болып келетін ең ірі спорттық оқиғалар өтті.

2006 жыл бұл жылда жа жауапкершіліктер аз болған жоқ. Қаңтар айында қазақстанда әуесқой бокстан Қазақстан республикасы Президентінің кубогы үшін ірі халықаралық турнир өтетіндігі ресми түрде белгілі болды. Ал ақпанда қазақстандықтар италияның Турин қаласында өткен Қысқы олимпиадаға қатысты.

Қазіргі таңда дене шынықтыру мен спорттың даму тенденцияларына бұл өрісін Қазақстанда тарихи дамуының динамикасының әсері көп.

Республикада дене шынықтырумен және спортпен шұғылданушылар саны 24,1 пайызға өсті, бұқаралық дене шынықтыру-спорттық іс-шараларын өткізудің саны едәуір артты, салалық спартакиадаларды, оқушылардың спартакиадасын және студенттік универсиадаларды өткізу қайта қолға алынды. Балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерін, олимпиада резерві желісі мектептерін қысқарту тоқтатылды. Қазіргі уақытта, республикада 290 спорт мектебі жұмыс істейді, оларда 134 мың балалар мен жасөспірімдер шұғылданады. Мектептен тыс мекемелер саны арта бастады, тұрғылықты жері бойынша жұмыс жанданды. Мемлекеттік бағдарламда мектепке дейінгі жастағы балалардың, оқушылардың және студент жастардың, орта және егде жастағы халықтың, мүгедектердің дене тәрбиесінің, спорт резервін және халықаралық дәрежедегі спортшыларды дайындаудың басты аспектілерін қамтиді, дене шынықтыру мен спорттың материалдық-техникалық базасын нығайту және дамытуды, ғылыми-зерттеу базаны құру және нормативтік құқықтық базаны жетілдіруді қарастырады.

Сонымен бірге ұлттық спорт түрлері мен халық ойындары жеткіншек ұрпақты үйлесімді тәрбиелеудің ажырамас бөлігі болып табылады. Қазіргі дене шынықтыру практикасында ғасырлар бойы сомдалған және сыннан өткен халық ойындары мен ұлттық спорт түрлері құралдары арқылы жеткіншек ұрпақты тәрбиелеудің бай тәжірибесін пайдалану қажет. Бұл халықтық педагогиканың сарқылмайтын қазынасы және қазіргі заман жағдайында оның пәрменді күші бар, себебі онда халық арасында дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық-бұқаралық жұмысты дамытудың және салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін қажетті дайын қалыптарының негізі салынған. Олардың сауықтыру мүмкіндіктері мен қолданбалы сипатын аша отырып, ұлттық спорт түрлері мен халық ойындарын одан әрі дамыту жөнінде нақты шаралар қолдану

қажет. Ұлттық спорт түрлері мен халық ойындарын дамыту Қазақстанда тұратын халықтар арасындағы мәдениеттердің де өзара кірігу процесінде үлкен рөл атқарады. Ұлттық спорт түрлері атап айтқанда қазақша күрес, тоғызқұмалақ, сайыс, аударыспақ, бәйге, көкпар, қыз қуу, жорға жарыс, атан жарыс, асық ату, бестас сияқты спорт түрінен арнайы федерациялар құрылған. Ресми жарыстар өтіп тұрады. Тоғызқұмалақ ойыны Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда, Қостанай облыстарында кейбір мектептерде пән ретінде оқытылады.

Қазақстан Республикасында болашақта бұқаралық спортты дамытудың оны іске асыру дене шынықтыру-спорттық ұйымдарының және республиканың жергілікті атқарушы органдарының бұқаралық спортты дамытуға, салауатты өмір салты қағидаттарын қалыптастыруға, халықаралық дәрежедегі спортшыларды және спорт резервін даярлауға кедергі болатын негізгі қиыншылықтар да кездеседі.

Қазақстан Республикасындағы дене шынықтыру және жоғары жетістіктер спортының жай-күйі, әлемдік спорт дамуының қазіргі заманғы үрдістері республикада спортты дамыту жөнінде түбегейлі шұғыл шаралар қабылданбайынша, қазақстандық спортшылардың әлемдік аренадағы көрсеткіштері төмендей беретінін айғақ.

Халықаралық стандарттардан қалуымыздың себебі, ең алдымен, бүгінгі күні әлемдік биік талаптарға жауап беретін қазіргі заманғы спорт базаларының жоқтығы болып табылады.

Қазіргі заманғы спорт деңгейі өзінің даму сатысында спорттық нәтижелердің өсуіне ғылыми және инженерлік жетістіктерге негізделген жаңа көзқарастарға маңызды рөл береді. Жаңа спорт ареналары, жаттығулар мен жарыстар үшін арнайы жағдайлар жасау ісіндегі жаңа жетістіктер, арнайы киім, құрал-сайманмен жарақтандыруды қолдану және құрастыру әлемнің мықты спортшыларының көрсеткіштерін күрт жақсартуға жеткізді және ХХІ ғасырға спорттың қандай негізгі бағыттарға қарыштап енетінін айқындады.

Бүгінгі күні республикадағы дене шынықтыру мен спорттың материалдық-техникалық базасының жай-күйі, халықтың дене жаттығуларымен шұғылдануға сұранысын қанағаттандырмайды, ұйымдарда дене шынықтыру мамандары жетіспейді, кәсіпорындарда, тұрғылықты жері бойынша және бұқаралық демалыс орындарында спорт ғимараттарының, қарапайым спорттық мүкамалдардың және жабдықтардың жетіспеуі өткір сезіледі.

Сонымен бірге, республикадағы мектеп жасындағы 7 пайызына ғана оларда сабақтар ұйымдастыруды қамтамасыз ету мүмкіндігі бар, ал балалар-жасөспірімдер спорт мектебі желісің жеткіліксіз дамытылуы, жоғары білікті жаттықтырушы-оқушылардың тапшылығы халықтың, әсіресе, балалар мен жасөспірімдердің дене жаттығуларымен шұғылдануға сұранысын толық қанағаттандырмайды. Сапалы мүкамалман және жабдықтармен жарақтандаралған қазіргі заманғы спорт объектілерінің, олимпиадалық даярлық орталықтарының және спорт резерві орталықтарының болмауы елдегі спорт резервін даярлау мен спорт шеберлігін арттыруды тежеп отыр. Осының салдарынан Олимпиадалық, Азиялық ойындарда әліде жоғарғы сатыдағы орындардан көрінбеуіміз болып табылады.

Осы кемшіліктерден шығу үшін

- дене шынықтыру-сауықтыру және спорт жұмысының жай-күйі бұқаралық спортты одан әрі дамыту;
- спорт резерві мен халықаралық дәрежедегі спортшыларды даярлау жөнінде кідіріссіз, нақты шешімдер қабылдау;
- материалдық-техникалық базасын нығайту;
- ұлттық, техникалық, қолданбалы спорт түрлері мен халық ойындарын дамыту, оларды қазіргі дене тәрбиесі жүйесіне еңгізу үшін жағдайлар жасау;
- дене шынықтыруды және спорт дамытудың тиісті қаржылық, кадрлық, ғылыми-әдістемелік, медициналық, ақпараттық, нормативтік құқықтық қамтамасыз етілуін құру;
- барлық үлгідегі балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерінің, азаматтардың тұрғылықты жері бойынша спорт және балалар клубтарының, мүгедектерге арналған мамандандырылған топтардың, емдеу-дене шынықтыру диспансерлері санын көбейту;
- дене шынықтыру халықтың әртүрлі әлеуметтік-демографиялық топтарымен жұмыс істеу үшін жоғары білікті жаттықтырушы-оқытушыларды даярлау және қайта даярлау жүйесін құру;
- спорт саласында озық технологияны еңгізу және шетелдік дене шынықтыру-сауықтыру және спорт ұйымдарымен тәжірибе алмасу мақсатында халықаралық байланыстарды дамыту мен орнату жөніндегі қызметті жандандыру жұмыстарын атқару керек. [5]

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан – 2030» стратегиялық бағдарламасында салауатты өмір салтына ынталандыру әрқайсымыздың дене тәрбиесімен айналысуымызға, дұрыс тамақтануымызға, тазалық пен санитарлық шараларын сақтауымызға бағытталған денсаулықты нығайту үшін жастарды салауатты өмір салтына ниасихаттап, ақпараттық іс-шаралар жүгізу керек-деп жолдау айтылған. Осы жолдауды басшылыққа алып Қазақстан азаматтарын салауатты өмір салтына баулу, дене шынықтыру және спорттың дамуын, жарыстарда үлкен жетістік көрсеткіштерін көрсету, жастарымызды нашақорлыққа, ішімдікке, және де басқа да жат қылықтардан арылуға көмектесетін орасан жұмыстар атқару біздің міндетіміз.

### **Әдебиеттер:**

1. Таникеев М.Т. Қазақ ССР-ындағы дене тәрбиесінің тарихы. Алматы, 1973
2. Горанько М.И. XXI ғасырдағы спорттың орны. Бүкілодақтық конгресс, 1999 Бишкек
3. Жунуспаев Н. Олимпиадалық маршрут, Алматы, 1999
4. 2001-2005 жылғы ҚР-нің Дене тәрбиесі және спорттың жетілуі мемлекеттік бағдарламасы, Алматы
5. Кульназаров А.К. Қазақстан Республикасының дене тәрбиесі мен спорт қозғалысын қазіргі кезеңге сай жетілдіру, Ғылыми-практикалық журнал, Алматы №2 2003